

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРДЕЛЕУ, ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ МАҚСАТТАРҒА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 377 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбаларын өндіру үшін жер қойнауын пайдалануды ретке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1637 U941637_ Жарлығын орындау үшін және жер қойнауын игеруге отандық және шетел инвестицияларын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жер қойнауын барлауға және (немесе) пайдалы қазбаларын өндіруге беру (лицензиялау) және жер қойнауын өзге мақсаттарға пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жұмыс органы болып белгіленсін.

2. Былай деп белгіленсін:

жер қойнауын геологиялық зерделеуге және (немесе) пайдалы қазбаларын өндіруге Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал кең таралған жалпы пайдалы қазбалар бойынша, соның ішінде өз аумақтарында құрылыс жүргізуші құрылыс ұйымдарына жер қойнауын басымдық тәртібімен Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің аймақтық басқармаларының ұсынуы бойынша облыстардың әкімдері береді. Барлық жағдайда да лицензия Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан беріледі.

жер қойнауын пайдалану (немесе жер қойнауының учаскесін барлау жүргізуге қосу және (немесе) (пайдалы қазбалар өндіру) құқығын (лицензиясын) алу үшін барлық министрліктер, ведомстволар, жергілікті әкімдер, заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде шетелдік тұлғалар Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне, ал кең таралған жалпы пайдалы қазбалар кен орындары бойынша Үкіметтің немесе облыс әкімдерінің тиісті шешімін дайындау үшін аумақтық басқармаларына өтінімдер беруге тиіс.

Өтінімдер берілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қаралуға және олар қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің арнаулы журналында (бюллетенінде) жариялануға тиіс.

3. Жер қойнауын пайдалану шарттары міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге алынуға және олар Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне, ал кең таралған жалпы пайдалы қазбалар бойынша оның аумақтық басқармаларына сақтауға берілуге тиіс. Тіркеу фактісі арнаулы актімен куәландырылады. Жер қойнауын пайдаланушылардың барлығы, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе жергілікті әкімдермен бұрын келісімдер (шарттар, контракттар) жасасқан шетелдік компаниялар жер қойнауын пайдалану шарттарын бір ай мерзім ішінде тіркегіп, түп нұсқасын Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне немесе оның аумақтық басқармаларына мемлекеттік сақтауға тапсырсын.

4. Пайдалы қазбалар учаскелерін немесе кен орындарын барлауға және (немесе) игеруге инвестициялар тарту үшін Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі міндетті түрде пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге лицензия алу құқығына конкурс ұйымдастыратын болсын.

Халықаралық конкурстар мен олардың шарттарын Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жариялайды.

Жер қойнауын пайдалануға үкімет лицензиясын алған тұлғамен келіссөз жүргізу мен келісім (контракт) дайындауды әрбір нақтылы жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген құзырлы орган жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі 1994 жылғы 1 маусымға дейін Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау туралы Ереже әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне табыс етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі